



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КеАҚ

Қазақ спорт және туризм академиясының
КеАҚ Ғылыми Кеңесінің
отырысында **Бекітілген**
2023 жылы «26» 05 № 10 хаттама
ҒК төрағасы, Президент, профессор



Закирьянов К.К.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Атауы, коды: 6В11102 - «Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі»

Дайындық деңгейі: бакалавр

Білім беру саласының коды және атауы	6В11- Қызмет көрсету
Даярлау бағытының коды және атауы	6В111- Қызмет көрсету аясы
Білім беру бағдарламасының тобы	В093 - Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі
Білім беру бағдарламасы	6В11102 - Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі



ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM

**КЕҢЕСШІ - ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕР / КОНСУЛЬТАНТЫ – РАБОТОДАТЕЛИ
/ CONSULTANTS - EMPLOYERS**

"MURA" мейрамханасы ("Омаржан" ЖК) / Ресторан "MURA"
(ИП "Омаржан") / Restourant "MURA" ("Omarzhan" IE)



Кириллова З. Н.

"Academic Apartments" қонақ үйі ("Тайшинов А." ЖК) /
Гостиница "Academic Apartments" (ИП "Тайшинов А.") / Hotel
"Academic Apartments" ("А. Tayshinov " IE)



Тайшинов А.

Туризм ғылыми-зерттеу институты (Туризм ҒЗИ) / Научно-
исследовательский институт туризма (НИИ туризма) /
Scientific Research institute of tourism (SRI of Tourism)











Еспенбетов Н.С.



ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM

ӘЗІРЛЕУШІЛЕР/ РАЗРАБОТЧИКИ / DEVELOPERS

ОӘЖ жөніндегі проректоры / Проректор по УМР / Vice-
rector for educational and methodical work
ТФ декан / Декан ФТ / Dean of FT
Туризм және сервис кафедрасының м.а. / И.о. зав.
кафедрой туризма и сервиса / And about. head Department
of Tourism and Service
Ассоц. проф. м.а. / И.о. ассоц. проф. / And about. assoc.
prof.
Ассоц. проф. м.а. / И.о. ассоц. проф. / And about. assoc.
prof.
Ассоц. проф. м.а. / И.о. ассоц. проф. / And about. assoc.
prof.
2 курс магистранты / магистрантка 2-го курса / 2nd year
master's student
4 курс студенті / студентка 4-го курса / 4th year student

 Нурмуханбетова Д.К.
 Агелеуова А.Т.
 Омарова Н.А.
 Тульбаева А.Т.
 Жаксыбекова Д.К.
 Кадырбекова Д.С.
 Токтиева А.О.
 Цымбалова З.И.








**СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨКІЛДЕРІ/ПРЕДСТАВИТЕЛИ СТУДЕНЧЕСТВА /
STUDENT REPRESENTATIVES**

"Студенттер Альянсы" Студенттік өзін-өзі басқару
органының төрағасы/ Председатель органа студенческого
смоуправления "Альянс студентов" / Chairman of student self-
government body "Alliance of Students"

 Абдикеримқызы М.

КЕЛІСІЛДІ/СОГЛАСОВАНО/AGREED

ОБ жетекшісі/ Руководитель УУ/Head of educational department
ОР жетекшісі /Руководитель ОР / Head of registry Department
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы/Кафедра
социально-гуманитарных дисциплин/ Department of Social and
Humanitarian Disciplines
Анатомия, физиология және спорт медицина кафедрасы/
Кафедра анатомии, физиологии и спортивной медицины/
Department of Anatomy, Physiology and Sports Medicine
ДШЖС теориялық негіздері кафедрасы /Кафедра теоретических
основ ФКиС/ Department of Theoretical Foundations of Physical
Culture and Sports
Гимнастика және жүзу кафедрасы/ Кафедра гимнастики и
плаванья/ Department of gymnastics and swimming
Қазақ, орыс және шет тілдер кафедрасы/Кафедра казахского,
русского и иностранных языков/ Department of Kazakh, Russian
and Foreign Languages
Спорттық ойындар кафедрасы/ Кафедра спортивных игр/
Department of Sports Games

 Тулеугалиева С.С.
 Калабаева А.К.
 Ибраимова А.А.
 Кисебаев Ж.С.
 Белегова А.А.
 Ермаханова А.Б.
 Болтаева Г.А.
 Кефер Н.Э.



ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM

ЭКСПЕРТТЕР/ ЭКСПЕРТЫ / EXPERTS

Қазақстан туристік қауымдастығы (ҚТА) /
Казахстанская туристская ассоциация (КТА) /
Kazakhstan tourism association (KTA)



Шайкенова Р.Р.

Қазақстан қонақ үйлері мен мейрамханалары
қауымдастығы (ҚҚЖМҚ) / Казахстанская
ассоциация гостиниц и ресторанов (КАГиР) /
Kazakhstan Association of Hotels and Restaurants
(KAGiR)



Ходоровская Т.Г.



ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM

Білім беру бағдарламасы факультеттердің ОӘБ отырыстарында қарастырылған және ұсынылған:

2023 жылғы «14» 03 № 7 хаттама
ТФ ОӘБ төрайымы

Агелеуова А.Т.

ҚазСТА ОӘК отырысы
2023 жылғы «26» 04 № 6 хаттама

ҚазСТА ҒК шешімімен **БЕКІТІЛГЕН**
2023 жылғы «26» 05 № 10 хаттама



ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰЖАТТАР ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

I БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

1.1 6B11102 - «Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі» білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеті

1.2 6B11102 - «Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі» ББ түлегінің кәсіби қызметінің мазмұны, саласы, объектісі, пәні мен функцияларына сипаттамасы

II БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

2.1 Білім беру бағдарламасы бойынша оқытудың нәтижелері

2.2 Пәндер туралы ақпарат

2.3 Білім беру бағдарламасы түлегінің күзіндеттілік моделі

III БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН СҮЙЕМЕЛДЕУ

3.1 Материалды-техникалық ресурстар

3.2 Білім беру ресурстары (оқу-әдістемелік қамтамасыз ету)

IV ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР ТҰЛҒАЛАР ҮШІН ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНЕ БЕЙІМДЕУ

V 6B11102 - «МЕЙРАМХАНА ІСІ ЖӘНЕ МЕЙМНАХАНА БИЗНЕСІ» БІЛІМ БАҒДАРЛАМАСЫМЕН ҚОҒАМДЫ АҚПАРАТТАНДЫРУ



ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM

НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰЖАТТАР:

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы	"Білім туралы"
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы, өзгерту енгізілді - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 4 сәуірдегі № 145 бұйрығымен.	Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы.
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығы	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы. өзгеріс енгізілді - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 02.08.2023 № 379 бұйрығымен.	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі N 2 бұйрығы. өзгеріс енгізілді - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 19.01.2023 № 21 бұйрығымен.	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 12 қазандағы № 106 бұйрығы.	Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидаларын, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу және одан алып тастау негіздерін бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Жоғары білімді дамыту ұлттық орталығы директорының 2023 жылғы 4 мамырдағы № 601 бұйрығына 1-қосымша н/қ.	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ББ дамыту жөніндегі әдістемелік нұсқаулары.
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Жоғары білімді дамыту ұлттық орталығы директорының 2023 жылғы 10 сәуірдегі № 467 бұйрығына 1-қосымша н/қ.	Реестрге білім беру бағдарламаларын енгізуге өтінімдерді беруге арналған пайдаланушы НҰСҚАУЛЫҒЫ
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Жоғары білімді дамытудың ұлттық орталығы директорының 2023 жылғы 10 сәуірдегі № 467 бұйрығына 2-қосымша н/қ.	Реестрге білім беру бағдарламаларын жаңартуға өтінімдерді жіберуге арналған пайдаланушы НҰСҚАУЛЫҒЫ
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым	Білім беру ұйымдарына қашықтықтан

<p>министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы.</p>	<p>оқытуды қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша қашықтықтан және онлайн оқыту нысанында білім беру процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы</p>
<p>17 қаңтар 2017 жылғы №3 және 2019 жылғы №262 нөмерлі Қазақстан Республикасының «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқарма төрағасының бұйрығы бойынша бекітілген</p>	<p>«Туризм» және «МЖМБ» кәсіби стандарты</p>



КАЗАК СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM

ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР:

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының классификаторы (бұдан әрі – кадрларды даярлау бағыттарының классификаторы)	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарын сыныптау мен кодтауды белгілейтін және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін пайдаланылатын құжат.
Білім беру бағдарламаларының тізілімі	Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары әзірлеген білім беру бағдарламаларының тізбесін қамтитын білім беру саласындағы уәкілетті органның "жоғары білім беруді басқарудың бірыңғай жүйесі" ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ақпараттық жүйе).
Білім беру бағдарламасы	оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені.
Негізгі білім беру бағдарламасы (Major)	Негізгі құзыреттерді қалыптастыру мақсатында білім алушыларға зерделеу үшін айқындалған білім беру бағдарламасы.
Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor)	Қосымша құзыреттерді қалыптастыру мақсатында оқу үшін білім алушылар айқындаған пәндердің және (немесе) модульдердің және оқу жұмысының басқа түрлерінің жиынтығы.
Қолданыстағы білім беру бағдарламасы	Жоғары оқу орнынның жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі, кемінде бір жыл шығарылған бітірушілердің болған білім беру бағдарламасы.
Жаңа білім беру бағдарламасы	Тізілімге енгізілгенге дейін ЖОО-да кадрлар даярлау жүзеге асырылмаған білім беру бағдарламасы.
Инновациялық білім беру бағдарламасы	Қазақстан Республикасында баламасы жоқ ЖОО-ның білім беру бағдарламасы алғаш рет қолданысқа енгізіледі.
Дескрипторлар	Оқу нәтижелеріне, қалыптасқан құзыреттер мен академиялық кредиттерге негізделген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің тиісті деңгейінің (сатысының) білім беру бағдарламасын зерделеуді аяқтағаннан кейін білім алушылар алатын білім, білік, дағды мен құзыреттілік деңгейі мен көлемінің сипаттамасы.
Құзыреттер	Оқу процесінде алған білімді, іскерлікті және дағдыларды кәсіби қызметте практикалық қолдану қабілеті.
Оқыту нәтижелері	Білім алушылардың білім беру бағдарламасын меңгеру бойынша алған, көрсететін білімдерінің, машықтарының, дағдыларының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қатынастар.
Жоғары білім сапасы	Білім беру нәтижелерінің, дайындық процестері мен институционалдық жүйелердің қоғамның, мемлекет пен жеке тұлғаның өзекті мақсаттары мен қажеттіліктеріне сәйкестігін қамтитын жоғары білімнің көп өлшемді сипаттамасы.
Пәнаралық тәсіл	Бір немесе басқа құбылысты қарастырудан тұратын ғылыми дүниетанымды кеңейту әдісі, кез-келген ғылыми пән шеңберімен шектелмейді.
Модульдік оқыту	Білім беру бағдарламасын, оқу жоспарын және оқу пәндерін модульдік құру негізінде оқу процесін ұйымдастыру тәсілі.
Типтік оқу бағдарламасы	Мазмұнын, көлемін, ұсынылатын әдебиетті анықтайтын білім беру бағдарламасының міндетті компоненті пәнінің оқу құжаты.
Оқу жұмыс жоспары	ЖЖОКБҰ білім алушылардың білім беру бағдарламасы мен жеке оқу жоспарлары негізінде дербес әзірлейтін оқу құжаты.
Жеке оқу жоспары	Білім беру бағдарламасы және элективті пәндер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен білім алушылардың әрбір оқу жылына дербес қалыптастырылатын оқу жоспары.
Пәннің оқу бағдарламасы	Әрбір оқу пәні және (немесе) модуль бойынша меңгеруге

(Syllabus)	жататын білімнің, іскерліктің, дағдылар мен құзыреттердің мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама.
Міндетті компонент	МЖМБС белгілеген және білім алушылар міндетті түрде оқу бағдарламасы бойынша оқитын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемдерінің тізбесі.
ЖОО компоненті	Білім беру бағдарламасын меңгеру үшін ЖОО дербес айқындайтын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемдерінің тізбесі.
Таңдау бойынша компонент	Пререквизиттері мен постреквизиттерін ескере отырып, кез келген академиялық кезеңде білім алушылар өз бетінше таңдайтын жоғары оқу орны ұсынатын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемдерінің тізбесі.
Бакалавриат	Кемінде 240 академиялық кредитті міндетті түрде игере отырып, тиісті білім беру бағдарламасы бойынша "бакалавр" дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі.
Магистратура	Кемінде 60-120 академиялық кредитті міндетті түрде меңгере отырып, тиісті білім беру бағдарламасы бойынша "магистр" дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары
Докторантура	Білім беру бағдарламалары кемінде 180 академиялық кредитті міндетті түрде игере отырып, философия докторы (PhD) (бейіні бойынша доктор) дәрежесін бере отырып, ғылыми, педагогикалық және (немесе) кәсіптік қызмет үшін кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім.
Еуропалық трансферт (аударым) және кредит жинақтау жүйесі (ECTS)	Студенттің шетелде алған кредиттерін өз білім беру ұйымына оралғаннан кейін олардың дәрежесін алу үшін есептелетін кредиттерге аудару, сондай-ақ білім беру бағдарламалары шеңберінде кредиттерді жинақтау тәсілі.
Қос дипломды білім беру	Екі тең бағалы диплом (DoubleMajor) немесе бір негізгі және екінші қосымша диплом (Major-Minor) алу мақсатында екі оқу жоспары(білім беру бағдарламалары) бойынша қатар оқу мүмкіндігі).
Дуальді оқыту	Дуальді оқыту жүйесінің элементтерін енгізетін ЖЖОКБҰ теориялық оқытуды өндірістегі практикалық дайындықпен ұштастыру негізінде білім беру қызметін жоспарлауды және ұйымдастыруды жүзеге асырады. Бұл ретте пәннің оқу материалының кемінде 30% - тікелей өндірісте (технологиялық процесс, шығармашылық қызмет процесі, қаржы-экономикалық процестер, психологиялық-педагогикалық процесс) игеру қажет.
Дипломдық жұмыс	Студенттің білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін өзекті мәселені өз бетінше зерттеу нәтижелерін жалпылау болып табылатын бітіру жұмысы.
Дипломдық жоба	Жобалық тәсілдерді қолдана отырып және (немесе) бизнес-жобаларды, модельдерді, сондай-ақ шығармашылық сипаттағы жобаларды және басқа да жобаларды дайындау түрінде орындалған білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін қолданбалы міндеттерді дербес шешу болып табылатын студенттің бітіру жұмысы.
Білім алушыларды қорытынды аттестаттау	Тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламасында көзделген оқу пәндерінің және (немесе) модульдердің және оқу қызметінің өзге де түрлерінің көлемін олардың игеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім.
Білім алушылардың оқу жетістіктері	Білім алушылардың оқу процесінде алған және жеке тұлғаның қол жеткізілген даму деңгейін көрсететін білімі, іскерліктері, дағдылары мен құзыреттері.

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР ҒжБМ	Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі
ЖОО	Жоғары оқу орны
КеАҚ	Комерциялық емес акционерлік қоғамы
ҚазСТА	Қазақ спорт және туризм академиясы
ББ	Білім беру бағдарламасы
ЖББ	Жалпы білім беру пәндері
НП	Негізгі пәндер
ПП	Профильдік пәндер
МК	Міндетті компонент
ЖООК	ЖОО компоненті
ТБК	Таңдау бойынша компонент
ЖЖОКБҰ	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары

ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ ТУРАЛЫ

ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

КІРІСПЕ

Қазақ спорт және туризм академиясының (бұрынғы Қазақ дене шынықтыру институты) тарихы 1944 жылдың 14 қарашасынан басталады. Жоғары оқу орны қызмет еткен жылдары дене шынықтыру және спорт бойынша 30000-нан астам жоғары білікті мамандар даярланды, олардың ішінде 4000-ға жуық спорт шеберлері мен халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері, 100-ден астам әлем чемпиондары, КСРО мен Қазақстанның 550 еңбек сіңірген жаттықтырушылары, 200-ден астам ғылым докторлары мен кандидаттары, еңбек сіңірген мұғалімдер мен халыққа білім беру үздіктері бар.

Көптеген студенттер, қазір ҚазСТА түлектері әртүрлі жылдардағы Олимпиада ойындарына қатысып, әр түрлі дәрежедегі медальдарды жеңіп алды. Академияның мақтанышы оның түлектері – Олимпиада ойындарының чемпиондары мен жүлдегерлері: Жақсылық Үшкөмпіров (грек-рим күресі); Анатолий Колесов (грек-рим күресі); Дәулет Тұрлыханов (грек-рим күресі); Виктор Минеев (қазіргі бессайыс); Валерий Кравченко (волейбол); Нина Смолева (волейбол); Валерий Рязанцев (грек-рим күресі); Нелли Ким (спорттық гимнастика); Анатолий Быков (грек-рим күресі); Шәміл Серіков (грек-рим күресі); Елена Чебукина (волейбол); Ольга Кривошеева (волейбол); Валерий Люкин (спорттық гимнастика); Владимир Новиков (спорттық гимнастика); Валерий Тихоненко (баскетбол); Евгений Яровенко (футбол); Анатолий Храпатый (ауыр атлетика); Виталий Савин (жеңіл атлетика); Ирина Герлиц (баскетбол); Владимир Смирнов (шаңғы жарысы); Александр Парыгин (қазіргі бессайыс); Ольга Шишигина (жеңіл атлетика); Ермахан Ибраимов (бокс) Бақтияр Артаев (бокс); Бақыт Сәрсекбаев (бокс); Илья Ильин (Ауыр атлетика); Ольга Рыпакова (жеңіл атлетика); Денис Тен (мәнерлеп сырғанау), Ниджат Рахимов (ауыр атлетика).

ҚазСТА дене шынықтыру және спорт саласы бойынша ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлаудың танымал орталығы болып табылады. КСРО кезінде ҚазДШИ негізінде ірі Бүкілодақтық ғылыми конференциялар мен симпозиумдар өткізілді. Академия спортшыларды даярлау жүйесінде тау-кен жағдайларын пайдаланумен байланысты проблемаларды әзірлеу бойынша ТМД елдері арасында негізін қалаушы және жетекші жоғары оқу орны болып табылады. Бүгінде академия-бұл еліміздің заманауи жоғары оқу орны, онда мамандарды сапалы даярлау және педагогикалық ұжымның кәсіби өсуі үшін барлық жағдай жасалған. Академияда үздіксіз білім беру жүйесі жұмыс істейді: ТЖКБ – бакалавриат – магистратура – докторантура. Оқу процесі кредиттік оқыту технологиясы бойынша жүзеге асырылады.

Академия "Дене шынықтыру және спорт" ББ бойынша мемлекеттік білім беру стандарттарын әзірлеуші болып табылады. ҚазСТА базасында "Дене шынықтыру және спорт" білім беру бағдарламаларының республикалық оқу-әдістемелік секциясы жұмыс істейді. 2005 жылы Қазақ спорт және туризм академиясы жанынан спорттың ғылыми-зерттеу институты құрылды. Соңғы жылдары ҚазСТА-ның халықаралық беделі айтарлықтай өсті. Академияда

"Заманауи Олимпиадалық спорт және Баршаға арналған спорт" атты Халықаралық ғылыми конгрестер өткізіледі.

Академияның бастамасы бойынша 2009 жылы дене шынықтыру университеттерінің халықаралық қауымдастығы құрылды, оған 46 жетекші шетелдік университеттер мүше болып табылады, ал оның бірінші басшысы болып ҚазСТА Президенті К.К. Закирьянов, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, физика-математика ғылымдарының кандидаты, педагогика ғылымдарының докторы, математика профессоры, Петровск Ғылым және өнер академиясының (Санкт-Петербург қ.), Халықаралық Жоғары Мектеп Ғылым академиясының академигі сайланды.

Академия басқаратын қазақстандық студенттік спорт жоғары халықаралық деңгейге көтерілді. Академия түлектері-Олимпиада ойындарының чемпиондары (57 медаль, оның 29 - ы-алтын). Академияның студент-спортшылары Қазақстанның студенттік құрама командасының негізін құрайды. Мемлекеттің тәуелсіздігі кезеңінде студенттер Бүкіләлемдік универсиадаларда 28 алтын, 45 күміс және 47 қола медаль жеңіп алды.

2019 жыл академия үшін мерейтойлы болды. Академияға 75 жыл толды.

6D010800 – "Дене шынықтыру және спорт" білім беру бағдарламасы (ББ) бойынша 2019 жылғы 12 сәуірдегі № 393 бұйрықпен және 2019 жылғы 2 шілдедегі № 520 бұйрықпен 6D090200 – "Туризм" білім беру бағдарламасы бойынша диссертациялық кеңестер ашылды.

2015 жылдың 2 шілдесінде Оңтүстік Кореяның Кванджу қаласында университеттік спорттың Халықаралық Федерациясы (FISU) ҚазСТА "ҮЗДІК УНИВЕРСИТЕТ" марапатымен марапаттады.

2019 жылы академия аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігінің (АРТА) 5 жыл мерзімге (24.05.2019-23.05.2024) мамандандырылған және институционалдық аккредиттеуден сәтті өтті. Әлемдік білім беру кеңістігіне кірігу, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау, халықаралық байланыстарды нығайту Академия қызметінің басым бағыттары болып табылады.

I БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

1.1 6В11102 – «Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі» білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеті

Бакалавриаттың **6В11102 – «Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі»** білім беру бағдарламасы (ББ) академияның әлемдік білім беру кеңістігіне кірігу жөніндегі миссиясымен, мақсаттарымен және міндеттерімен және ҚР индустриялық-инновациялық даму үрдістерімен сәйкес келеді. Ол жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының мазмұнын, әлеуетті тұтынушылардың талаптары мен қажеттіліктерін ескере отырып тұжырымдалған.

«Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі» білім беру бағдарламасының мақсаты «Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі» ББ мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкес түлектің ұлттық және аймақтық ерекшеліктерді, жұмыс берушілердің сұраныстарын, түлектердің қажеттілігін ескере отырып, мейманханалар мен мейрамханаларда менеджер ретінде қызмет көрсетуді ұйымдастыру бойынша кәсіби қызметке дайын болуы қажет.

6В11102 - «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» білім беру бағдарламасының міндеттері:

Кадрларды ғылыми, іргелі және кәсіби даярлаудың үйлесімді үйлесімі негізінде қонақ үй және мейрамхана бизнесі саласындағы табысты жұмысқа менеджер дайындау, оның әлеуметтік ұтқырлығы мен еңбек нарығындағы тұрақтылығына ықпал ететін әмбебап және пәндік-мамандандырылған құзыреттіліктерді меңгеруге жағдай жасау; түлектердің әлеуметтік-жеке қасиеттерін қалыптастыру: мақсаттылық, ұйымшылдық, еңбексүйгіштік, коммуникабельділік, ұжымда жұмыс істей білу, өзінің кәсіби қызметінің түпкі нәтижесі үшін жауапкершілік, азаматтылық, толеранттылық; олардың жалпы мәдениетін, жаңа білім мен дағдыларды өз бетінше алу және қолдану қабілетін арттыру

ББ-ның негізгі стратегиялық бағыты құзыреттермен айқындалады, түлектер еңбек қызметі процесінде іске асырады және тұтынушыларға бакалавриат түлектері дайындалатын кәсіптік даярлық салалары, бағдарлама бейіндері және кәсіптік қызмет түрлері туралы ақпарат береді.

Экономиканың дамуын және еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, білім беру бағдарламаларының мақсаттарын қалыптастыру екі бағытта қамтамасыз етіледі: ББ пәндерінің үлгілік оқу бағдарламаларының талаптарын орындау және МЖМБС-ның қазіргі заманғы талаптары мен

жұмыс берушілердің сұранысын ескере отырып қалыптасатын ЖОО компонентін іске асыру.

ҚазСТА туристік қызмет саласындағы мемлекеттің стратегиялық мақсаттарына сәйкес өзінің кәсіби білімі мен практикалық іскерлігін тиімді іске асыруға мүмкіндік беретін туристік кадрларды даярлау сапасын арттыру жөніндегі шаралар кешенін іске асыруға бағытталған.

ББ негізгі көрсеткіштері. Бакалавриаттың «Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі» білім беру бағдарламасын меңгерудің нормативтік мерзімі 4 жыл /3 жылды құрайды (күндізгі оқу нысаны үшін). Бағдарлама бюджеттік және ақылы негізде құрылған, практикаға бағытталған сипатқа ие, базалық оқу жоспарына ағылшын тілінде оқытылатын пәндерді енгізе отырып, мемлекеттік, орыс тілдерінде оқытылады. Берілетін біліктілік: 6B11102 – «Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі» білім беру бағдарламасы бойынша қызмет көрсету саласындағы бакалавр.

1.2 «Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі» ББ түлегінің кәсіби қызметінің мазмұнын, саласын, объектісін, пәні мен функцияларын сипаттау

6B11102 – «Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі» ББ бакалаврының **кәсіби қызмет саласы** қонақжайлылық және туризм индустриясы, сондай-ақ ғылым, білім, мемлекеттік реттеу және қонақ үй бизнесі мен мейрамхана ісіне тікелей немесе жанама байланысты адам қызметінің басқа да салалары болып табылады.

6B11102 – «Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі» **кәсіби қызметінің объектілері болып табылады:**

- қонақ үй саласын ұйымдастырумен байланысты мемлекеттік басқару органдары (министрліктер, әкімдіктер, олардың аймақтық бөлімшелері);
- қонақ үй және мейрамхана ісімен айналысатын мемлекеттік және жеке компаниялар;
- қызмет көрсету саласы, тамақтандыруды ұйымдастырумен байланысты кәсіпорындар (мейрамханалар, қонақ үйлер және басқа да құрылымдар);
- мүлік, мүліктік кешендер (кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар) және қонақ үй индустриясының өзге де объектілері;
- тамақтандыру ұйымдарында тамақтанудың, маркетингтің даму мәселелерін зерттеумен айналысатын ғылыми-зерттеу ұйымдары;
- қонақ үй шаруашылығы бойынша орта буын мамандарын даярлайтын оқу орындары;
- Мейрамхана ісі мен мейманхана бизнесінде ішкі және сыртқы нарыққа қызметтерді ілгерілетумен айналысатын жарнама агенттіктері;
- ақпараттық ресурстар мен жүйелер, автоматтандырылған ақпараттық

жүйелер мен олардың технологияларын қамтамасыз ету құралдары және т. б.;

- қызметі жоғары оқу орындарының кеңестері белгілеген маманданумен байланысты басқа ұйымдар мен компаниялар.

Кәсіби қызметтің пәні

- мейрамхана ісін және қонақ үй бизнесін ұйымдастыру;
- мейрамхана және қонақ үй қызметін жоспарлау және жүзеге асыру;
- қонақтарды қабылдау, бөлу, қызмет көрсету және тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;
- қонақ үй және мейрамхана кәсіпорындары мен қызметкерлерінің қызметін ұтымды бақылау және басқару;
- Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесін басқару саласындағы инновациялық қызмет;
- алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру және жоспарлау;
- қызметкерлермен кеңес беру, әдістемелік, білім беру жұмыстары.

Кәсіби қызметтің функциялары:

6В11102 – «Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі» ББ мамандығы бойынша түлегі келесі функционалдық міндеттерді орындауға дайын болуы тиіс:

- тұтынушыларға жоғары тиімді қызмет көрсетуді ұйымдастыру;
- ұйымдастырушылық-стратегиялық міндеттерді шешуге қатысу;
- қонақ үйлер мен туристік, мейрамхана кешендерінде болу үшін қолайлы жағдайлар жасау;
- тұтынушыларға көрсетілетін қызметтер мәселелері бойынша кеңес беру;
- көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылауды жүзеге асыру;
- тұтынушылардың орналастырылуын бақылауды жүзеге асыру; кәсіби қызметтегі жанжалдар мен күйзелістерді басқару;
- шағымдарды қарау және олардың алдын алу бойынша шаралар қабылдау;
- қызметкерлердің жұмысына, мейрамханалар, қонақ үйлер мен туристік кешендер үй-жайларының тазалығы мен тәртібінің қамтамасыз етілуіне, еңбекті қорғау ережелері мен нормаларының және өндірістік санитария мен гигиена талаптарының орындалуына бақылауды жүзеге асыру, қазіргі қоғамда пайдалану.
- қоршаған орта процестері мен құбылыстары;
- кәсіби қызметті орындау кезінде маңызды табиғи-ғылыми мәселелерді шешу үшін қажетті ұғымдар;
- Қазақстан Республикасы Конституциясының негіздері, адамның адамға, қоғамға және табиғатқа қатынасын реттейтін этикалық және құқықтық нормалар, кәсіби міндеттерді шешу кезінде оларды есепке ала білу;
- экологиялық, құқықтық, ақпараттық және коммуникативтік мәдениетке,

шет тілінде қарапайым қарым-қатынас дағдыларына ие болу;

- нарықтық экономика, қоғамдық, демократиялық мемлекеттік құрылым заңдарын сақтау;

- кәсіби қызмет саласындағы мәселелерді өз бетінше және тиімді шешуге қабілетті, орындалатын жұмыс үшін жауапкершілік танытуға дайын болу;

- өз еңбегін ғылыми ұйымдастыруға қабілетті, кәсіби қызмет саласында компьютерлік техниканы қолдануға дайын болу;

- әріптестермен оң өзара іс-қимыл мен ынтымақтастықта болу;

- тұрақты кәсіби өсуге, жаңа білім алуға дайын болу;

- кәсіпкерлік қызметтің негіздерін және кәсіптік саладағы кәсіпкерліктің ерекшеліктерін білу;

- салауатты өмір салты туралы ғылыми түсінікке ие болу, дене бітімін жетілдіру дағдыларын меңгеру;

- мемлекеттік тілді білу және құжаттарды мемлекеттік тілде жүргізу.

6B11102 – "Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі" білім беру бағдарламасы оқыту нысандары, деңгейлері және мерзімдері бойынша жеке әзірленді және мынадай қағидаттарға негізделеді:

- оқу жоспарлары мен бағдарламаларын үйлестіру және өзара бейімдеу;

- әр сатыдағы білімнің аяқталуы;

- білім алушылардың қабілеттеріне, тілектеріне және мүмкіндіктеріне қарай білім беру сұраныстарын қанағаттандыру;

- кәсіптік бағдар беру және кәсіптік даярлау бойынша жұмыстың кешенділігі, еңбек нарығының сұранысын зерделеу.

Білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері академияның миссиясы мен стратегиясымен келісілген.

6B11102 – "Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі" білім беру бағдарламасы студенттерді даярлау деңгейіне қойылатын талаптар жоғары білімнің бірінші деңгейіндегі (бакалавриат) Дублин дескрипторлары негізінде айқындалады және оқу кезінде қол жеткізілген нәтижелерден байқалатын меңгерілген негізгі құзыреттерді көрсетіледі.

Оқыту нәтижелері барлық жоғары білімнің 6B11102 – "Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі" білім беру бағдарламасы деңгейінде де және жеке модульдер немесе оқу пәні деңгейінде де тұжырымдалады.

6B11102 – "Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі" дескрипторлары студенттердің мынадай қабілеттерін сипаттайтын оқыту нәтижелерін көрсетеді:

- 1) осы саладағы озық білімге негізделген, зерттелетін саладағы білімі мен түсініктерін көрсету;

- 2) кәсіби деңгейде білім мен түсінуді қолдану, дәлелдерді қалыптастыру және оқытылатын саладағы мәселелерді шешу;

3) әлеуметтік, этикалық және ғылыми жинақтарды ескере отырып, пайымдаулар қалыптастыру үшін ақпаратты жинауды және түсіндіруді жүзеге асыру;

4) оқытылатын салада оқу-практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдану;

5) оқытылатын салада одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдылары;

6) ғылыми зерттеулердің әдістерін және академиялық хатты білу және оларды оқытылатын салада қолдану;

7) оқытылатын салада фактілерді, құбылыстарды, теорияларды және олардың арасындағы күрделі тәуелділікті білу және түсіну;

8) академиялық адалдық принциптері мен мәдениетінің маңызын ұғыну.

Жалпы білім беретін, базалық және бейіндік пәндерді оқытуды қамтитын теориялық оқыту:

- жалпы білім беретін пәндер блогының мақсаты: гуманитарлық мәдениетті, адамға, қоғамға, қоршаған ортаға, ойлау мәдениеті мен салауатты өмір салтын реттейтін этикалық және құқықтық нормаларды меңгеру.

ЖБП циклінің міндетті пәндерін оқып бітіргеннен кейін тыңдаушы келесі біліктілікке ие болады:

1) ғылыми және философиялық таным әдістерімен табиғи және әлеуметтік әлемді ғылыми тұрғыда түсінуді және зерттеуді қамтамасыз ететін философия негіздерін білу арқылы қалыптасқан дүниетанымдық ұстанымдар негізінде қоршаған шындыққа баға беру;

2) мифологиялық, діни және ғылыми дүниетанымның мазмұнын және ерекшеліктерін интерпретациялау;

3) әлеуметтік және өндірістік салаларда болып жатқан барлық құбылыстарға жеке баға беру;

4) Қазақстанның тарихи дамуының негізгі кезеңдерін, заңдылықтарын және өзіндік ерекшелігін терең түсіну және ғылыми талдау негізінде азаматтық ұстанымын көрсете білу;

5) Қазақстанның қазіргі заманғы оқиғаларының себептері мен салдарын талдау үшін тарихи сипаттау әдістері мен тәсілдерін қолдана білу;

6) әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психологияның базалық білімі негізінде түрлі тұлғааралық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас салаларындағы жағдайларға баға беру;

7) осы ғылымдардағы білімді интеграциялық процестердің қазіргі заманғы өнімі ретінде синтездеу;

8) нақты ғылымды, сондай-ақ бүкіл әлеуметтік-саяси кластерді зерттеуге арналған ғылыми әдістер мен тәсілдерді қолдана білу;

9) өзінің моральдық және азаматтық ұстанымын дамыту;

10) қазақстандық қоғамның іскерлік, мәдени, құқықтық және этикалық нормаларын пайдалану;

11) жеке және кәсіби бәсекеге қабілеттілігін таныту;

12) әлемде танылған әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласындағы пәнді практикада қолдана білу;

13) талдаудың әдіснамасын таңдау;

14) зерттеудің нәтижелерін жинақтай білу;

15) жаңа білімді синтездеу және оны гуманитарлық әлеуметтік маңызды өнімдер түрінде ұсыну;

16) тұлғаралық, мәдениетаралық және өндірістік (кәсіби) қарым-қатынас мәселелерін шешу мақсатында қазақ, орыс және шет тілдерінде ауызша және жазбаша түрде қарым-қатынас жасай білу;

17) грамматикалық білімдер жүйесін, белгілі бір тілде тиісті ниет білдірудің прагматикалық құралдарын жеткілікті көлемде түсіну негізінде лингвистикалық және сөйлеу ресурстарын дұрыс пайдалана білу;

18) байланысқа қатысушылардың іс-әрекеттеріне баға беру;

19) жеке іс-әрекеттерінде түрлі ақпараттық және коммуникациялық технологияларды: интернет-ресурстары, ақпаратты іздеу, сақтау, өңдеу, қорғау және тарату бойынша бұлтты және мобильді қызметтерді қолдана білу;

20) өзін-өзі дамыту және мансаптық өсу үшін өмір бойына жеке білім беру траекториясын құру, мейрамхана ісі және мейрамхана бизнесінің әдістері мен құралдары арқылы толыққанды әлеуметтік және кәсіби қызметті қамтамасыз ету үшін салауатты өмір салтын ұстану.

ЖБП циклінің пәндері пәнаралық сипатқа ие.

Базалық пәндер блогының мақсаттары: ББ бейіні бойынша ұйымдастырушылық-басқарушылық, эксперименттік-зерттеу, ғылыми-зерттеу салаларында толыққанды және сапалы жоғары базалық білім, Кәсіби құзыреттілік алу болып табылады.

Профильді/бейіндік пәндер блогының (ПП/БП) мақсаттары: өнімді қызметтің креативті дағдыларын меңгеру, жоғары жетістіктерге жету жолында шығармашылық әлеуетті өз бетінше іске асыра білу, өз бетінше білім алу, өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі бақылау дағдыларын меңгеру және кәсіби саладағы құзыреттілік болып табылады.

Мақсаттарды іске асыруға тізбесі модульдік білім беру бағдарламасында көрсетілген және элективті пәндер каталогында ашылған пәндерді зерделеу арқылы қол жеткізіледі.

БП және бейіндеуші пәндер циклдерінің пәндері мен модульдерінің бағдарламалары білім берудің бірқатар салалары бойынша кадрлар даярлауды қамтамасыз ететін пәнаралық және көп салалы сипатта болады.

Білім беру бағдарламасын оқытудың қалыптасқан құзыреттіліктері мен нәтижелерін бітіруші кафедралар жұмыс берушілермен бірлесіп, кәсіптік стандарттарға сәйкес тұжырымдайды және білім беру бағдарламасында келтірілген түлектің моделін көрсетеді.

6B11102 – "Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі" білім беру бағдарламасын толық көлемде меңгерген бітірушілердің жоғары оқу орнынан кейінгі (магистратура) білім беру бағдарламасы және қосымша кәсіптік білім беру бойынша оқуын жалғастыруға мүмкіндігі бар.

II БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

2.1 Білім беру бағдарламасы бойынша оқытудың нәтижелері

Оқыту нәтижелері (ОН)	Оқыту нәтижелері (ОН)	Дескрипторы
ОН 1	Қазақстанның тарихи дамуының негізгі кезеңдері мен заңдылықтарын анықтау, философиялық, әлеуметтік-саяси, психологиялық білімді қоғамдық-саяси процестерді ұғынуда және ғылыми және философиялық таным әдістерімен табиғи және әлеуметтік әлемді ғылыми түсінуді қамтамасыз ететін өзінің дүниетанымдық ұстанымдарының қалыптасуында қолдану.	Д8
ОН 2	Мемлекеттік, орыс және шет тілдерін грамматикалық білу жүйесінде тілдік және сөйлеу құралдарын пайдалана отырып, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеруге негізделген тұлғааралық, мәдениаралық және өндірістік (кәсіби) қарым-қатынас пен академиялық хат принциптерін қолдану.	Д 1
ОН 3	Дене шынықтыру, экологиялық тәрбие және ғылыми-зерттеу қызметі әдістерінің құралдары бойынша құқық қорғауға және сыбайлас жемқорлық әрекеттерге қарсы тұру мақсатында қазіргі қоғам, мемлекет саясаты, ұлттық бірлік, мәдениетаралық келісім жағдайында қонақжайлылық саласының маманы үшін қажетті физикалық, рухани, мәдени, психологиялық, эстетикалық және басқа да қасиеттерді жетілдіру жолымен жеке тұлғаны жан-жақты дамыту қағидаттарын іске асыру.	Д 4
ОН 4	Тиімді қызмет және қонақжайлылық саласы кәсіпорындарының қолайлы атмосферасын құру мақсатында жаңа ақпараттық технологияларды, нормативтік-құқықтық құжаттаманы, Қазақстан Республикасының заңнамалық базасын және жаһандық этикалық кодексті қолдана отырып, қонақжайлылық саласының материалдық-техникалық базасын ұйымдастыру, үйлестіру, әкімшілік-шаруашылық басқару және есепке алу процесінде стратегиялық жоспарлау, экономикалық бақылау, бухгалтерлік есеп және бизнес басқару қағидаттарын қолдану.	Д 4
ОН 5	Қонақжайлылық индустриясындағы іс-шараларда уақытты жайлы және жағымды өткізу үшін халықаралық және мемлекеттік деңгейде қабылданған қауіп-қатерлерді және сыни талдау (НАССР) негізінде тамақтанудың қауіпсіздік принциптерін, қызмет көрсету сапасының стандарттарын ескере отырып, анимациялық, мәдени-көпшілік іс-шаралар, іскерлік кездесулер, салтанаттар, банкеттер, мерекелер мен конференциялар бағдарламаларын құру.	Д 3
PO6	Мейрамхана бизнесі саласында ұсынылатын қызметтерді жылжыту және маркетингтік талдау жүргізу, тамақ өндіру процесін және қонақтарға қызмет көрсету технологиясын басқару негіздерін ескере отырып, тамақтану және сусындар бөлімінің (F&B) қызметін жүзеге асыру, жоспарлау және бақылау үшін қажетті іргелі теориялық білім мен практикалық дағдыларды пайдалану.	Д 5
PO7	Қазақстанның мейрамхана және қонақ үй бизнесінің халықаралық нарықтық экономикасы жағдайында кәсіпкерлік қызмет негіздері, менеджмент және маркетинг, қызмет көрсету саласындағы жаңа ақпараттық технологиялар, франчайзинг әдістерін қолдану арқылы қоғамдық тамақтану және орналастыру кәсіпорындарын құру, қонақжайлылық саласында жаңа бағыттарды жобалау.	Д 4
PO8	Қонақ үй кешенінің және басқа да орналастыру құралдарының барлық қызметтерінің қызмет көрсету стандарттарын, кәсіби этика мен этикетін сақтай отырып, қызметтерді автоматтандыру үшін инновациялық бағдарламалар мен ақпараттық жүйелерді қолдану арқылы қонақтарды брондау,	Д1

	тіркеу, орналастыру және есептесу бөлімінің жұмысын ұйымдастыру және үйлестіру.	
PO9	Қонақ үйдің сауықтыру орталығының жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру, қонақ үй кешені жағдайында қызметкерлердің ішкі және сыртқы уәждемесін, климатология мен климатотерапияның теориялық негіздері, бальнеология, балшықпен емдеу, гидротерапия және адам ағзасына сауығуға әсер ететін басқа да құралдар саласындағы құзыреттілігі мен білімін басқару.	Д4
PO10	Қонақ үй және мейрамхана бизнесінің персоналымен қызмет көрсету сапасын және логистикалық жүйелерді жақсарту құралдары бойынша жаңашыл идеяларды, заманауи технологияларды және қонақтарды өзінің жаңалығымен, сәулетімен және өңірлердің гастрономиялық ерекшеліктерімен тартатын материалдарды пайдалана отырып, демалуға арналған инфрақұрылымобъектілері мен кеңістік кешендерінің дизайнын әзірлеу.	Д3
PO11	Қонақтарға қызмет көрсету кезінде қажетті құжаттарды ұсына отырып, брондау жүйелерін, жол жүру (әуе, т/ж, авто, круиздік) билеттерін, автокөлікті жалға алуды қолдана отырып, туристік навигацияға, экскурсиялық қызмет көрсетуге, анимациялық іс-шараларға, демалыс орындарына, музейлерге, театрларға және басқа да демалыс кешендеріне бару кезінде ақпараттық, консультациялық, бухгалтерлік және ілеспе қызметтерді көрсетудің ең тиімді әдістерін таңдау.	Д1 Д2 Д4 Д6
PO12	Туризмнің әртүрлі түрлері бойынша (іскерлік, гастрономиялық, курорттық, мәдени, спорттық және т.б.) туристік ағындарды және орталықтарды қалыптастыруды ескере отырып, қонақжайлылық саласындағы кәсіпорындарды құру және іске асыру перспективаларын және оларға туризм, мейрамхана және қонақ үй бизнесі инфрақұрылымының ғылыми-техникалық дамуының әсерін бағалау.	Д2 Д4

2.2 Пәндер туралы ақпарат

Модуль атауы	Модульдің оқу нәтижелері	Пән атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредит саны	Академиялық сағаттар	Оқыту нәтижелері (ОН)
ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ПӘНДЕР ЦИКЛІ						
Тілдік дайындық модулі - А	Тұлғааралық, мәдениетаралық және өндірістік (кәсіби) қарым-қатынас міндеттерін шешу үшін қазақ, орыс және шет тілдерінде ауызша және жазбаша нысанда байланыс жасау, пікірін айта алу.	Қазақ (орыс) тілі	Пән мемлекеттік және орыс тілдерінде тұлғааралық әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жасау қабілетін дамытуға бағытталған	5	150	2
		Шетел тілі	Пән шет тілінде тұлғааралық әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас қабілетін дамытуға бағытталған	5	150	2
Тілдік дайындық модулі - В	Грамматикалық білім жүйесі негізінде тілдік және сөйлеу құралдарын қолдануды жүзеге асыру; қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпаратты Талдау	Қазақ (орыс) тілі	Пән мемлекеттік және орыс тілдерінде коммуникация бағдарламаларын құру негізінде бәсекеге қабілетті болашақ маманның дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын қалыптастыруға бағытталған	5	150	2
		Шетел тілі	Пән шет тілінде коммуникация бағдарламаларын құру негізінде бәсекеге қабілетті болашақ маманның дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын қалыптастыруға бағытталған	5	150	2
Әлеуметтік-саясаттану білім модулі	Қазақстанда және одан тыс жерлерде болып жатқан жеке, сондай-ақ қоғамдық-саяси процестерді ұғынуда әлеуметтік-саяси, мәдениеттанулық, психологиялық білімді қолдана білу	Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (әлеуметтану және саясаттану)	Пән студенттердің негізгі әлеуметтік-саяси түсініктерін, қоғам мен оның ішкі жүйелерін зерделеудің теориялары мен тәсілдерін меңгеруіне, қазіргі қоғам мен оның әлеуметтік-саяси институттары жұмысының негізгі қағидаттары туралы түсініктерін қалыптастыруға; сыни ойлау дағдыларын, Қазақстан Республикасының алдында тұрған міндеттерді шешуге белсенді қатысуға бағытталған саяси дүниетаным мен саяси мәдениетті қалыптастыруға бағытталған	4	120	1
		Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (мәдениеттану және психология)	Пән «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту» мемлекеттік бағдарламасында айқындалған қоғамдық сананы жаңғырту міндеттерін шешу контекстінде мәдениеттану мен психологияның ғылыми теорияларын зерделеу негізінде білім алушылардың әлеуметтік-гуманитарлық дүниетанымын қалыптастыруға бағытталған мәдениеттану және психологиялық ақпарат алудың негізгі көздері мен әдістерін меңгеру және оларды кәсіби қызметте қолдану	4	120	1,3

Әлеуметтік-мәдени күзiреттiлiк модулі 1	Тiршiлiк қауiпсiздiгi бойынша медициналық-биологиялық негiздерiн, экология және тiршiлiк қауiпсiздiгi туралы бiлiмдi кәсiби қызметте сәттi қолдану үшiн түсiндiре бiлу. Кәсiпкерлiк қызметтi жүзеге асыру үшiн құқықтық және экономикалық бiлiмдi қолдану, заманауи заңнаманы, оның iшiнде сыбайлас жемқорлыққа қарсы кәсiби қызметтi түсiну. Кәсiби қызметте ақпаратты iздеу, сақтау, өңдеу, қорғау және тарату бойынша ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың әртүрлi түрлерiн қолдану.	Тiршiлiк қауiпсiздiгi негiздерi және экология	Пәннiң модулі студенттердi экология және тiршiлiк қауiпсiздiгi негiзгi ұғымдарымен, принциптерiмен және заңдарымен таныстыруға бағытталған. Қоғам мен елдiң тұрақты дамуы үшiн экологиядағы негiзгi заңдар мен принциптердi, сондай-ақ адам денсаулығы мен оның қауiпсiздiгiн қорғауды, сақтауды және нығайтуды ашады.	5	150	1,3
		Құқықтық реттеу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама	Пән студенттердiң бiлiм беру саласындағы құқықтық қатынастарды реттеуге бағытталған заңнама туралы, сондай-ақ кәсiби қызмет контекстiнде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары туралы базалық бiлiмдерiн, адалдық пен шындыққа тәрбиелеудi қалыптастыруға бағытталған.	5	150	3
